

АЛТАУ

Ардагері



ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№35(45) 30 тамыз 2024 жыл

30 ТАМЫЗ – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КОНСТИТУЦИЯСЫ КҮНІ

Сеніміміз бен күшіміздің қайнар көзі

Қадірменді облыс тұрғындары! Баршаңызды тарихи мәні зор мерейлі мереке 30 тамыз – Қазақстан Республикасы Конституциясы күнімен шын жүректен құттықтаймын.

Біздің халқымыздың тарихындағы маңызды оқиғалардың бірі еліміздің Негізгі заңын қабылдау болды. Конституция-біздің құқықтарымыз бен бостандықтарымызды сақтаудың сенімді кепілі, сондай-ақ жаңа Қазақстанның жетістігінің кепілі.

Ата заң – мемлекеттік биліктің қайнар көзі халықтың өзі екенін айқындады. Конституция қабылдау арқылы Қазақстан жаңа дәуірге қадам басты.

Бүкіл жарқын істеріміздің қайнар бастауына айналған Ата Заңымыз Тәуелсіздігіміз бен тұтастығымыздың, тыныштығымыз бен бейбіт өміріміздің тұғырына айналды.

Әрбір тұрғын Конституцияның мемлекет пен қоғам үшін ғана емес, өзінің отбасы үшін де маңыздылығын терең сезінеді. Қазақстан Республикасының Конституциясы әсіресе елінің жарқын болашағы үшін аянбай еңбек етіп, құрметті зейнетке шыққан ақ сақалды қарияларымыз мен ақ самайлы аналарымыздың және қоғамдық жұмыстардың бел ортасында жүрген ардагерлеріміздің алаңсыз демалып, зейнеттік өмірдің өзіне тән қызық-қуаныштарын көріп, денсаулықтарын жақсартуларына кепілдік беретіндігі Негізгі заңымыздың өміршеңдігін көрсетеді.

Баршаңызды осы айтулы мерекемен құттықтай отырып, мықты денсаулық, бейбіт өмір, отбасыларыңызға ырыс пен ынтымақ, бақ-береке тілеймін!

Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ,
облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы.

ЖАҢАЛЫҚТАР ВЕСТИ

Алты айда алынған сынама-лардың 30 пайыздан астамы талапқа сай емес

Алматы облысындағы республикалық жолдардан биылғы жарты жылдықта 307 сынама алынған. Оның 1-еуі талапқа сәйкес келмеді, ал облыстық маңызы бар жолдардан алынған 276 сынаманың 30 пайыздан астамы тиісті нормаға сай емес.



Жалпы күре жолдарды тексеру регламентке және кесте-жоспарға сәйкес жүргізіледі. Инженер жолдың жағдайын, геометриялық параметрлерін, жасанды конструкцияларды және жол белгілерін арнайы құрылғылар арқылы тексереді әрі сынамалар алады. Алынған сынамалар KazRoadLab программасына енгізіліп зертханаға келеді. Кейін ол сынамалар зертханада тексеріліп, хаттамасы тапсырыс берушіге және мердігерге жіберіледі. Сонымен қатар, жолға төселетін құрылыс материалдары да алдымен зертханадан тексерістен өтеді. Тиісті талапқа сай болған жағдайда төсеуге рұқсат беріледі. Бұл әдіс еліміздегі жол сапасының жақсаруына үлкен мүмкіндік бере бастаған. Айта кетейік, қазіргі таңда Алматы облысында 4 битум зауыты бар.

Один из самых опасных участков дороги открыли после ремонта в Алматинской области

Как сообщает «КазАвтоЖол», сегодня официально открыто движение на реконструированном участке автодороги Курты - Бурылбайтал (2214-2295-й километры), который является частью транспортного коридора «Центр-Юг» передает Tengri Auto.



Общая протяженность введенного в эксплуатацию участка - 81 километр. «Транспортный коридор «Центр - Юг» связывает Алматинскую, Жамбылскую и Карагандинскую области, играя ключевую роль в обеспечении международных, межобластных и местных автомобильных и пассажирских перевозок. Реконструированная автодорога переведена в I-6 техническую категорию с четырьмя полосами движения в двух направлениях. В ходе реализации проекта было выполнено устройство земляного полотна объемом более 3 миллионов кубических метров, уложено более 1,5 миллиона квадратных метров трехслойного асфальтобетонного покрытия. Также было построено 8 мостовых сооружений и установлено 66 водопропускных труб», - рассказали в нацкомпании.

Алматы облысында көші-қон заңнамасын бұзған 100-ден астам шетелдік ұсталды

Алматы облысының полиция қызметкерлері көші-қон заңнамасын бұзу фактілерін анықтауға бағытталған рейдтік іс-шара жүргізді- деп хабарлайды Sputnik.



«Қарасай ауданының аумағында орналасқан үш кірпіш зауыты мен «Алтын Орда» сауда-логистикалық орталығы тексерілді. Нәтижесінде ҚР көші-қон саласындағы заңнаманы бұзғаны үшін 175 шетел азаматы жауапкершілікке тартылып, оның ішінде жеке басын куәландыратын құжаттары жоқ болғандықтан 95 адам қабылдау-тарату орнына жеткізілді», - деді облыстық көші-қон қызметі басқармасының бастығы Рүстем Жарықбасов.

Көркемөнерпаздар фестивалі

САХНАДА-АРДАГЕРЛЕР!

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Алматы облыстық филиалының ұйымдастыруымен үстіміздегі жылдың 21 тамызында Талғар қаласындағы аудандық Мәдениет үйінде облыс ардагерлері ұйымдарының арасында «Көркемөнерпаздар фестивалі» және «Салауатты өмір салтын насихаттау» атты іс-шаралар өткізілді.

лыстық ардагерлер ұйымы төрағасының орынбасары Ілияс Сейітбекұлы Сүгіров шараның алға қойған мақсаты мен ережесінен жиналған жұртшылықты хабардар етіп, үміткерлердің әрқайсына сәттілік тіледі.

Бұл шараға жүзден аса ардагерлер мен зейнеткерлер қатысты. Шараның шарттары мен талаптары көрсетілгендей, арнайы бекітілген ережелерге сәйкес әр ауданның өкілдері «Вокалды ансамбль», «Трио», «Дует», «Жеке орындаушы», «Мәнерлеп оқу» түрлерінен өз өнерлерін ортаға салды.

Ережеге сай өнер сайысына қатысушы үміткер әр жанр бойынша бір номер дайындап келуі керектігі, сахналық өнердің деңгейі кәсіби тұрғыдан болуы, сахналық киім үлгісі де ескерілді. Ең бастысы, сах-

жиссер, актриса Қарлығаш Ахметбаева, алқа мүшелері болып Талғар аудандық Мәдениет үйінің көркемдік жетекшісі, Қазақстан Республикасы мәдениет саласының үздігі Ержан Исатаев пен актер, сазгер, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері Қайрат Құдайберген кірді.

Жоғарыда айтқан жанрлар, номинациялар бойынша үміткерлер сахна төрінен өз кезегімен орын алып, өнер сүйер қауым олардың өнерлерін тамашалай бастады. Атап айтар болсақ, «Вокалды ансамбль» номинациясы бойынша Қонаев қаласының «Нұр-Хантор», Қарасай ауданының «Дархан дария», Еңбекшіқазақ ауданынан «Червоно-Руто» вокалды ансамбльдері өнер көрсетсе, «Трио» номинациясы бойынша Кеген, Балқаш, Іле аудандарының және Қонаев қаласының әншілері Шәмші Қалдаяқов пен Әсет Бейсеуовтың әндерін шырқады.

Райымбек, Ұйғыр, Жамбыл аудандары әншілерін «Дует» номинациясына дайындап әкелген екен. Залда отырған жұртшылық олардың да әндеріне сүйсініп, қол шапалақтап отырды.

«Жеке орындаушы» номинациясында бағын сынаған-дардың қатарында Кегеннен келген Бақытжан Құсайынов, қарасайлық Хадиша Қабденова, Талғар ауданының өкілі Мырзабек Парманов, Райымбек ауданынан қатысқан Гүлнәр Тыныбаева, Ұйғыр ауданының әншісі Күлімхан Аткеева және Жамбыл ауданынан Тұрсынхан Үмбетәлиевалардың болғаны анық. Өткізілген шараның ережесіне сай негізінен вокал болсын, болмаса трио мен дует немесе жеке орындаушылар болсын әншілер өз бақтарын Шәмші

Қалдаяқов пен Әсет Бейсеуов әндері бойынша сынады.

Осы өнер сайысында әнмен қатар поэзияға да мән беріліп, мәнерлеп оқудан үздіктер анықталды. Талғар ауданынан қатысқан Кәмнұр Тәлімов өзі шығарған «Әсет пен Шәмші-өнердің қос жұлдызы» өлеңін оқыса, ілелік Мархаба Қаламбаева «Теріскей» өлеңін оқыды. Жиналған жұртшылық Балқаш ауданынан келген Зәуреш Демеуқұлованың мәнерлеп оқыған «Ән аға-жан аға» өлеңін де тамашалады.

Осы шарамен қатарлас, аудандық Мәдениет үйінің екінші қабатында салауатты өмір салтына ыңғайластырған шахмат, дойбы жарыстары да өтіп жатты. Нақтырақ айтсақ, шахмат жарысына облыстың Іле, Қарасай, Жамбыл, Талғар, Еңбекшіқазақ, Райымбек, Кеген мен Ұйғыр аудандарының және Қонаев қаласының өкілдері қатысса, дойбыдан Балқаш, Кеген, Талғар, Жамбыл аудандары мен Қонаев қаласынан келген дойбышылар өзара үздіктерін анықтады.

на мәдениетіне, сахна заңдылықтарының сақталуына баса назар аударылды.

Қазылар алқасының сапалық құрамына да назар аударылып, кәсіби мамандардан құралды. Оның құрамына алқа мүшесінің төрайымы болып «Іле ауданы әкімінің аудандық Мәдениет үйі» директоры, ре-



Іс-шараның алдына қойған мақсаты-ардагерлер мен зейнеткерлердің қоғамдық белсенділіктерін арттыру, оларды мәдени-бұқаралық іс-шарамен қамту, халықтық, ұлттық өнерімізді жаңғырту, ардагерлеріміздің шығармашылыққа деген құлшыныстарын арттыру, кейінгі ұрпаққа үлгі көрсету, өзара байланыстыру, парасаттылық пен өнегелікке уақыт бөлу, сонымен қатар зейнеткерлер арасында дойбы, шахмат спортын дамыту, салауатты өмір салтын насихаттау және облыс зейнеткерлері арасынан шахматшы мен дойбышы үздіктерін анықтау.

Шара барысы келген адамдарды тіркеуден басталды. Ұзамай негізгі шара да өз бастауын алды. Сахна төріне көтерілген Талғар ауданының әкімі Айдарбеков Таңат Есенгелдіұлы жиналған жұртшылықты өнер мерекесімен құттықтаса, Алматы об-



Мерей биігінде

ЕЛ ЫҚЫЛАСЫНА БӨЛЕНГЕН

Табиғатынан жаны нәзік болып жаратылғанымен әйелдер өзіне міндеттелген жауапкершілікті жақсы сезініп, мойнына артылған міндетті ыждағаттылықпен атқартын қуатқа ие екендігін өмірдің өзі дәлелдеді. Отбасының берекесін келтіріп қана қоймай, ер азаматтармен нық тіресіп басшы, әкім болып жүрген әйелдер бізде аз емес.

Жаны нәзік болса да ер адамдарға пара-пар күш-жігері, қажыр-қайраты, ақыл-айласы бойынша табылатын өр мінезді аналар арамдызда көптеп табылады. Соның бірі – Чапай, Энергетик, ауылдық округтерінде ұзақ жыл әкім болған, кейіннен әкім аппаратының қаржы-шаруашылық бөлімін басқарып, одан соң Іле аудандық Мәслихатының аппарат жетекшісі болып қызмет атқарған, ал, 2017 жылы Байсерке ауылдық округінің әкімі болып сайланған, осылайша саналы ғұмырының ұзақ жылын мемлекеттік қызметке арнаған Тілеуке Отыншықызы Көпбаева. Әу бастағы мамандығы педагог Тілеуке Отыншықызы орта жасқа жетер-жетпестен ауыл әкімі аппаратында лауазымды қызмет атқарып, қарапайым халықпен жұмыс істеудің қандай болатындығын көзімен көріп, түйсігімен сезді. Бастапқы кезде ауыл әкімінің орынбасары болған ол айналасы бір-екі жылдың ішінде қызметі жоғарылап, Чапай ауылының, кейіннен Энергетик кенті әкімі қызметтерін атқарды. Осы міндетті 10 жыл абыроймен атқарған Тілеуке жүрегі мейірімге толы ақкөңіл жандармен қатар, айтқанды түсінбейтін мінезі қиыр, сөзі дойыр қатыгез адамдардың тағдырына ортақ болып, оларға шама-шарқынша көмегін көрсетті. Үлкен бір кенттің әкімі болу-әйел тұрмақ ер-азаматтардың өзіне оңайға соқпайтын жұмыс. Бір үйде жарық өшсе, екінші күні басқа бір үйдің кәріз құбыры істен шығады, әлдекімдер «баспана салатын жер тауып бер» деп жер тепкілесе, тағы басқалары «көшемнің жолын жөнде», «бөлменің төбесінен су сорғалап тұр» немесе «құжатымды ретте», «зейнетақымды ала алмай жатырмын» деп, әкім үшін өмір сүріп жатқандай міндетсінетінін қайтерсің? Мұндайда біреудің басынан сипап, бөлменнен шығарып салсаң, екіншісіне заң талаптары

бойынша жауап беруге тура келеді. Еркектермен еркекше, әйелдермен әйелше сөйлесіп, мәселенің оң шешімін тапқан кездері де аз болмады.

Кейіннен денсаулығына байланысты аудан әкімі аппаратының қаржы-шаруашылық бөлімі бастығы болды. Артынша аудандық Мәслихаттың аппарат жетекшілігі лауазымдық қызметіне ауыстырылды. Дей тұрғанмен кабинетте отырғаннан да, тікелей халықпен араласып, олардың бел ортасында жүрудің өзі бір бақыт екенін ұғынды. Кабинетте отырғанның өзіне қол еместігін ішкі түйсігімен сезінген Т. Отыншықызы Байсерке ауылдық округі әкімдігі үшін өтетін сайлауға қатысуға бел байлады. 7 ауылдан, 23 саяжайдан тұратын, халқының саны 40 мыңға жетіп жығылатын мұндай үлкен округті басқарудың оңай емес екендігін білді. Білсе де, қиындықта шыңдалып үйренген ол белді бекем буып, тәуекел етті. Сайлау алдында округ тұрғындарымен кездескенде өзінің бағдарламасын, алдағы уақытта атқаратын жұмысының жоспарын рет-ретімен, нақты дәлел келтіріп айтып шыққанда байсеркеліктер оны бірден қолдады. Нәтижесінде сайлау кезінде 90 пайыз дауыс жинап, бәсекелестерін жеңіп шықты. Түннің бір уағында көз іліндіріп, таңмен таласа атқа қонатын. Ердің ері ғана шыдайтын мұндай ауыр жауапкершілікті, үлкен жүкті көтере білу шыдамдылық пен қайсарлықты, төзімділік пен өжеттілікті қажет ететіндігін ескерсек, болмысы нәзік ол өзіне артылған үміт пен сенімді ақтау үшін ауыл мен елдің жайын бақылауда ұстап, тұрғындармен жиі кездеседі. Өйткені, ауылға басшылық ету үлкен жауапкершілікті талап етеді. Берілген тапсырмалар өз уақытында, мерзімінде орындалуы тиіс. Мұны жақсы білетін Тілеуке Отыншықызы өзіне де, өзгелерге де қа-

таң талап қойып, жұмысын жоспарлы түрде жүзеге асырады.

Тілеуке жалпы бала кезінен айтқанынан қайтпайтын қайсар мінезімен ерекшеленетін. Айтпақшы, ол ата-анасының шуақты қамқорлығы мен ыстық ықыла-



сына бөленіп өсті. Жалпы, Отыншы Ибраевтың отбасын Қарағанды облысының Захаровка ауылы үлгі-өнеге тұтатын. Бір басында 6 дипломы бар Отыншы Ибраев білімділігімен, мәдениеттілігімен, ең бастысы тектілігімен ерекшеленетін. Мінезі салмақты, айтар сөзі саликалы Отыншы Ибраевты кезінде бір әулеттің отағасы емес, ауылдың да қадірлі азаматы атанған еді. Оның аяулы жары Бақыт Сүйгембекованың да дастарханы мол, қолы берекелі, қойны құтты болды. Осындай бақытты отбасында дүниеге келген үйелмелі-сүйелмелі 9 балаға тәлімді тәрбие мен білім берілетіндігі сөзсіз еді. Ерлі-зайыпты Отыншы мен Бақыт балаларына бар жағдайды жасай отырып, оларды жастайынан еңбекорлыққа, жауапкершілікке, білімді болуға тәрбиеледі. Балаларды таңғы сағат 4-тен оятып, үйдің жұмысына салу арқылы оларды тәртіптілікке баулыды. Мектептен соң екі-үш сағат тапжылтпай сабақ оқыту да балаларды төзімділікке үйрететін. Ата-анасының махаббатын сезінумен қатар, олардың темірдей тәртібіне де көндіккен Тілеуке басқаларға қарағанда тентектеу болып өсті. Оны әкесі марқұм «Ақылды тентегім» деп

еркелететін. Ұстаздары да тентек болса да, білімге құштарлығы басымы, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары Тілеукеңді 8 сыныптан бастап қоғамдық жұмысқа тартты. Анау-мынау емес, мектептегі комсомол ұйымының хатшысы болды. Бала кезінен жауапкершілікке тәрбиеленген ол қиыр мінезді қойып, өзіне жүктелген міндет-

табысына қуанып отырады. Ең үлкен бауыры Бүркіт пен сіңлісі Гүлжахан жеке кәсіпкер болса, інісі Марат-шаруа қожалығының басшысы, әпкесі Қаршыға үй шаруасында. Қарлығаш Қарағанды облысындағы Топар ауылының әкімі болып ұзақ жыл қызмет атқарып, құрметті зейнетке шықты. Елеуке Шахтинск қаласында тіс дәрігері, Дәметкен мұғалім болып жұмыс істесе, Марал Қарағанды облысы Абай ауданы әкімі аппаратында кадр бөлімінің бастығы болып жауапты қызмет атқарады.

Ана бақыты – отбасының таулылығы мен амандығы десек, бұл жағынан да Тілеуке Отыншықызының бағы жанған. Әкім Тілеуке Отыншықызы бүгінде отбасы мен қызметті қатар алып жүрген ардақты ана, аяулы әже. Банк қызметкері Гүлжанынан алтындай- алтындай Аружан мен Дания, Айым атты жиендері болса, «Самұрық Қазына» акционерлік қоғамының жауапты қызметкері ұлы Арман мен келіні Индирадан Санжар, Қайдар атты немере сүйін отыр. Ұыздай ұйыған отбасының отанасы – Тілеуке Отыншықызы Көпбаеваның алар асуы мен бағындырар белесі әлі алда. Мемлекеттік қызметтің ар-ождан кодексін бұлжытпай орындайтын білгір де білімді, қабілетті де қарымды Тілеуке Отыншықызы бойындағы бар мүмкіндігін толықтай жүзеге асырып, егеменді еліміздің заңғарына құлаш сермейтіндігіне сенім мол. Оның мемлекет алдындағы ұзақ жылғы қызметі елеусіз қалған жоқ. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 20 жыл, 25 жыл, Қазақстан Конституциясына 10 жыл, 20 жыл, Мәслихаттардың 20 жылдығы мерекелік медальдарымен марапатталды. 2017 жылы «Үздік мемлекеттік қызметкер» ордені иеленді. 2019 жылы «Алматы облысы бойынша әйелдер арасындағы үздік әкім» және «Республика бойынша әйелдер арасындағы үздік әкім» номинацияларын жеңіп алды. Көпті көрген, түйгені мол, тәжірибесі жеткілікті әкім әйел Тілеуке Отыншықызы Көпбаеваның ауданда абыройы асқақ, мерейі үстем. Ол-өзін-өзі тәрбиелеп, мерейлі биігін бағындырып, ел ықыласына бөленген жан.

Роза АЙДАРБЕКОВА.

Көркемөнерпаздар фестивалі



Сахнада-ардагерлер!

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Сахна өнеріне келсек, «Жеке орындаушылар» номинациясы бойынша Талғар ауданынан келген Мырзабек Парманов үздік әнші деп танылса, «Дуэт» бәсекесінде Ұйғыр ауданынан келген Рая Сартолова мен Гүлбаркын Жаменкеева орындауындағы ән қазылар алқасының ұйғарымымен «жақсы» деген бағаға ие болды. «Трио» бойынша ілелік Бейбіткүл Атамқұлова, Жанипа Расолдина және Кеңескүл Айтжановалар үздік атанса, вокалды ансамбльдер арасында оза шауып, бәйге алған Карасай ауданының «Дархан дария» вокалды ансамблі болды. Мәнерлеп оқудан Балқаш ауданының өкілі Зәуреш Демеуқұлова алдына жан салмады.

Номинациялар бойынша сахна төрінен үздік шыққан қатысушылар алған орындарына қарай арнайы дипломдармен және қаржылай сыйлықтармен марапатталды.

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген бар. Осы шара барысында сексен екі жасын артқа тастаған Қонаев қаласының ардагерлер кеңесінің төрағасы, облыс ардагерлерінің көшбасшы ардагері Аманкелді Беспаев ақсақалдың иығына облыс көлеміндегі әріптестері арнайы шапан жауып, шашуларын шашты. Осы қуанышты сәтті мақаламыздың соңында айта кетсек, артықтығы болмас.

Жалпы ардагерлердің арасында өткізілген өнер сайысы өз мақсатына толық жетті деп айтуға негіз бар. Қолға алынған кез келген шараның өміршеңдігі болса, оның жалғасы болатыны анық. Сайысқа қатысушылар «келесі өнер сайысында кездескенше» деп тарқасты. Демек, бұл шара келесі жылы да өз жалғасын табарына сенім мол.

СИҚЫМБЕКТИҢ Алтынбайы.
Талғар ауданы.

Активное долголетие

ВОЗРАСТ — НЕ ПОМЕХА!

В Талгарском районе ветераны показали своё вокальное и спортивное мастерство.

Недавно в Доме культуры г. Талгар собрались команды ветеранов и пенсионеров из 9 районов Алматинской области и города Конаев.

С приветственной речью к собравшимся обратились аким Талгара Танан Айдарбеков и заместитель председателя областного совета ветеранов Ильяс Сейтпекулы, пожелав всем показать своё мастерство и добиться заслуженной победы.

Мероприятие проходило в двух номинациях: «Художественная самодельность ветеранов» и «Шахматы. Шашки. Здоровый образ жизни». Ваш покорный слуга наблюдал за соревнованиями по шахматам на втором этаже.

Мерей Айнеков, директор специализированной спортивной школы по шахматам и настольным играм в г. Конаев, рассказал участникам о правилах и регламенте шахматного турнира.

По итогам турнира по шахматам среди ветеранов первое место занял Амандулла Абдимуратов из Карасайского района, второе место - Жаксылык Ахметжанов из Конаева, а третье место поделили Иемберды Тастанов и Осман Гапаров.

В соревнованиях по шашкам первое место завоевал Марат Кашкынбаев из Балхашского района, второе место - Е. Кабылов из Конаева, третье место досталось Р. Садабаеву из Илийского района и Р. Ахметову из Талгарского района.

Победители были награждены денежными премиями, дипломами и благодарственными письмами.

По окончании турнира мы побеседовали с победителем шахматного турнира среди ветеранов Амандулло Абдимуратовым. Оказалось, что он широко известен в шахмат-



ных кругах Алматинской области. Входит в рейтинг ФИДЕ по трём видам шахмат: классика, рапид, блиц. В прошлом году ему было присвоено почётное звание «Национальный арбитр».

Абдимуратов считает себя фанатом, энтузиастом и пропагандистом древнейшей игры человечества. Он начал играть в шахматы в 14 лет и уже 55 лет верен любимому хобби. С 2001 года в Карасайском районе

место на престижном международном турнире Konaev CUP, посвящённом Году детей.

При этом, как отмечает сам Амандулла, он - человек скромный и внимания СМИ избегает, говоря: «Мы работаем не ради славы».

Подводя итоги фестиваля, можно с уверенностью констатировать: «Возраст для ветеранов не помеха!»

Рамазан ЕЛЕШЕВ,
г. Талғар

Дипломатиялық қызмет өкілімен сұқбат

ҚАЗАҚ ДИПЛОМАТИЯСЫНЫҢ АРДАГЕРІ

Өткен ғасырдың сонау сексенінші жылдары сол кездегі СМ.Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университеті филология факультетінің араб және қазақ бөлімдеріне бір топ үміткер бірінші курсына қабылданды. Олардың арасында Қостанай өңірінен әскер қатарынан босап, оқу іздеп келген келген өрімдей жас Омаров Балтабай да бар болатын. Әр жақтан келген әр жастың өз ерекшеліктері болады ғой. Бірінші курстың студенті атанған оның басты ерекшелігі газет-журналдарды мұлт жібермей оқып отыратындығы және саясаттан мол хабары бар екендігінде еді.

Ауғанстан туралы, оның әлеуметтік-экономикалық, саяси жағдайы туралы, Аятолла Хомейни туралы, оның жүргізіп отырған саясатын жілікше шағып бергенде, қасындағы тыңдап отырған серіктері ауыздарын ашып отырып қалатын. Ол кезде олардың көбі сыртқы саясатты айтпақ түгіл Аятолланың кім екенін білмейтін. Бәрі де осы жігіттің бойында ертең алысқа шабатын тұлпардың шабысы, жігері, білімі бар екеніне, ертең биіктен көрінетініне сенім отын ұялатқандай болған. Ол сенімдері алдамапты. Университет қабырғасында бес жыл бойы көшбасшы-лидер болған ол өз ғұмыр жолында талай мемлекеттің есігін ашып, сыртқы саясатта жұмыс істеп келгені белгілі. «Ерен еңбегі үшін», Қазақстан Республикасының сыртқы саясатына қосқан үлесі үшін «Еңбек ардагері» медальдарымен, Сыртқы істер министрі мен Президенттің Алғыс хаттарымен марапатталған, «II класты Төтенше және Өкілетті Уәкіл» дипломатиялық дәрежесіне ие. Қазақстан Республикасының Сенаты мен Мәжілісі аппараттарында жауапты қызметтер атқарған. Бүгінгі әңгіме зейнет жасына шығып, бұл күндері Талғар ауданында тұрып жатқан осы азамат төңірегінде болмақ.

- Балтабай Төрбайұлы, талаптансаңыз, сізден бір жақсы экономист, болмаса жақсы бір заң қызметкері шығар ма еді? Елшілік миссиялық дипломатияның өкілі болу-біз үшін сирек мамандық. Еліміз бойынша олардың жалпы саны саусақпен санарлық десек те болатын шығар. Осы салаға қалай келдіңіз? Осыған итермелеген қандай құдырет, қандай күш?

- «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсін» деген даналық бар ғой. Әкемнің, анамның, мектептің, ұстаздардың ықпалы зор болды деп ойлаймын. Әкем ескіше оқығаны бар, арабша сауатты, төте жазулы кітапшаларын тастамай, қолына алып, жиі оқып отыратын. Социалистік, коммунистік идеология, атеизм өршіп тұрған заманда туып, өстік. Жұма күндері бала-шаға, үлкен-кіші жиналатын түскі ас кезінде терезе пердесін жауып, міндетті түрде арақтарға сүре оқып, дұғасын бағыштайтын. Бала кезімде жазғы демалыста әкем жанында қырда бірге болатынмын. Осы кезеңнен есімде ұзаққа сақталғаны әкемнің ескі кітаптарын ежіктеп дауыстап оқуы еді. Маған түк түсініксіз араб тілінің өзезі құлаққа жағымды болып естілуші еді. Бірде әкем құлағыма жақын отырып аяттарды оқи бастады, әлі күнге дейін есімнен шықпаған сөздер фатиха, ықылас басқа да сүрелерінің үзінділері еді. Сол кездегі қариялардың айтуынша, әкем Ясин және басқа сүрелерді толық жатқа айтқан көрінеді. Кейін бастауыш мектеп сыныптарында болу керек, әкем кешкі бос уақытында үйімізде жаздырып алатын көптеген газет-журналдарды оқыта бастады. Қазақ тіліндегі аудан, облыс газеттерінен соң, Орталықтың «Правда», «Известия», т.с.с. газеттеріне де шолу жасайтынмын. Бірде осы мәскеулік басылымдардан араб елдеріне қатысты жаңалықтарға көзім түсті. Келесі кезекте осындай халықаралық сипатты ақпаратты

1984 жылы осы мамандықты қызыл дипломмен аяқтап шықтым. КазГУ-де 80-жылдары «Студенческая весна» деген қателеспесем, одақтық көлемдегі студенттік өнер фестивалі, ғылыми-зерттеулер конференциясы өтетін еді. Сол конференцияға Палестина-Израиль шиеленісіне арналған ғылыми жұмыс жазып шықтым, абырой болғанда сол шағын еңбегім жоғары бағаланып, Орталық телевидениеде ол туралы менің қатысуыммен арнайы ақпарат та шыққан болатын. Еңбек жолым Қазақ ССР Мемлекеттік архивінің революцияға дейінгі қорында басталды, тарих саласындағы білікті мамандар жетекшілігімен аталған қордағы төте жазулы архив құжаттарын зерттеумен шұғылдандым. Ол кезде зерттелген көптеген тақырыптар болды, соның ішінде Исатай-Махамбет бастаған ұлт-азаттық күресіне, Жеті Жарғының Ғабит Мүсірепов архивінен алынған нұсқасына, Ілияс Жансүгіров пен Бейімбет Майлиннің эпистолярлық мұраларына қатысты көптеген архивтік құжаттар болатын. Осы жолдағы тәжірибем менің санама араб тілінің ерекшеліктері, араб жазулы кітап, құжаттар, құнды жәдігерлерді оқу мен зерттеудің маңыздылығын біржола сіңдірді.

- Шет елдегі еңбек жолыңыз қай елден, кім болып басталды?

- Жоғарыда айтқанымдай, 1984 жылы университетті бітіріп, мемлекеттік архивте тәжірибе жинақтап, Ғылым академиясының Тіл білімі институтының академик Смет Кеңесбаев басқаратын Тіл тарихы және түркология бөлімінде ғылыми қызмет атқарып жүргенде институт директоры, академик Әбдуәлі Туғанбайұлы Қайдаровтың ұсынысымен сол институттың аспирантурасына оқуға түстім. Қазақ тіл білімі ғылымының жаңадан дамып келе жатқан этнолингвистика бағыты бойынша қазақтың әдет заңдарына қатысты зерттеуге үлкен қызығушылықпен кірісіп кеткен

парға шығуым бекітілді. Осылайша 1988 жылдың басында өмірімде тұңғыш рет араб еліне сапар шектім. Өздеріңізге жақсы белгілі, бүгінгі күні 22 араб мемлекетінен құрылған Араб елдері лигасына мүше-елдер Солтүстік Африка – Магриб, Батыс Азия – Машрик пен Араб жазирасы (түбегі) аймақтарында орналасқан. Ливия соның Магриб елдері географиялық тобына жатады. 1991 жылы Совет Одағы ыдырап, бұрынғы кеңес республикалары тәуелсіздікке ие болған соң, енді өз елімізге қызмет жасауға ұмтылды. 1994-1999 жылдары Мысырдағы Қазақстан Елшілігінде, 2011-2016 жылдары



Иордания Хашимит Корольдігінде, ал 2016-2019 жылдар аралығында Ливан Республикасында қызмет атқардым. 2019-2021 жылдары Ислам Ынтымақтастығы Ұйымының арнаулы институты саналатын Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі Ислам ұйымының директоры қызметін атқарып, 2020 жылы зейнетке шықтым.

- Ана тілі мен орыс тілінен бөлек ол елде сол жердің тілін білу керек. Біздің өзімізге тән ұлттық менталитетіміз, мәдениетіміз бар. Басқа жердің тілі бөлек, дәстүрі бөлек дегендей, өзге елдің тіршілігіне қалыптасуда, тілдік байланыста қиындықтар болған жоқ па?

- Әрине болады. Жалпы дипломатиялық қызмет тиісті жоғары дәрежелі білімге қоса, шет тілдерін, шет елдері тарихын, саясатын, экономикасын, мәдениетін, әдет-ғұрыптарын, дәстүрін, халықаралық сахнадағы орыны мен рөліне қатысты ұлан-ғайыр білімді қажет етеді. Олардың ішіндегі ең маңыздыларының бірі – болу елінің тілін жақсы меңгеру. Қазақ тілінен араб тілінің бір ерекшелігі – араб тілінің ауыз екі, диалектілік, классикалық, әдеби варианттары баршылық және олар бірі бірінен тым алшақ. Бұған солтүстік африкалық, машрик елдерінің, Араб жазирасы арабтарының рулық, тайпалық жергілікті тілдік ерекшеліктерін қоссақ, жалпы араб тілінің ауызша және әдеби формаларын меңгерудің қиыншылығы арта түспек. Сол үшін араб елдері бойынша маманданған дипломаттар өте көп оқып, өз беттерінше ізденулері тиіс.

- Тәжірибеңізбен бөлісе отырсаңыз. Жалпы шетелде жүріп дипломатиялық миссияны атқару қаншалықты ауыр?



- Иә, рас, ауырлығынан бұрын, жауапкершілігі өте үлкен, таудай десе болады. Еліміздің болу елдерімен екіжақты қарым-қатынастары әдетте көп салалы, көпбағытты болып келеді, сауда-экономикалық, инвестициялық, мәдени-гуманитарлық, саяси, консулдық, әскери, әскери-техникалық және т.с.с. Көпжақты қатынастар немесе еліміздің көптеген аймақтық, халықаралық ұйымдармен байланыстары да аса маңызды бағыт болып табылады. Мысалы, біздің еліміз 2017-2018 жж. Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесі болды. Нәтижесінде дүние жүзі шеңберінде жаһандық бейбітшілік және қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі Қазақстанның саяси-дипломатиялық күш-жігері әлемдік

дық бітімгершілік батальонының баруын ұйымдастыруда сіздің үлесіңіз бар дейді. Сол туралы тоқтала кетсеңіз.

- Қазақстандық бітімгершілердің Ливандағы қызметін ұйымдастыруға еліміздің сыртқы саяси ведомствосының бірқатар құрылымдары, оның ішінде ҚР Біріккен Ұлттар Ұйымындағы миссиясының, Қорғаныс министрлігінің үлесі айтарлықтай болды. БҰҰ Уақытша күштерінің Ливандағы миссиясының қызметі болу елінің билік тармақтарымен тығыз ынтымақтасуды талап етеді. 2016-2019 жж. Бейруттегі Қазақстан Республикасы Дипломатиялық миссиясының басшысы ретінде Ливан елінің үкіметі, парламентімен жұмыс бабында әрекеттесуге ат салыстық.

- Қазақта «Әке көрген оқ жанар...» деген сөз бар. Ізіңізді қуған тұяқтарыңыз бар ма?

- Ұлым Шоқан-кәсіби дипломат. Ағылшын, француз тілдерін меңгерген, жапон, араб тілдеріне қызығушылығы бар, Европа, Солтүстік Америка елдері бағыттары бойынша қызмет етеді.

- Арман деген дүние таусылмасы анық. Өткен өмірге өкініш деген дүние жоқ па? Сіздің санаңызда «басқа салада болсам, мысалға ғылым жолына түссем, дұрыс болар ма еді» деген «әттеген-ай» ойлар сізді мазаламай ма? Сізде әлі де болса орындалмаған, жетсем деген арман бар ма?

- Өткен өмірге еш өкпе жоқ. Керісінше, мен және менің көптеген замандас әріптестерім өзімізді бақыттымыз деп есептейміз, өйткені біз қызмет еткен жылдар қазақ тарихының, қазақ елінің егемендігі мен тәуелсіздікке ие болған кезеңіне сәйкес келді. Қазақ елінің тарихын, жүріп өткен жолын, қазақ халқының болмысын, мінезін, мәдениеті мен әдет-ғұрып, дәстүрлерін, ішкі, сыртқы саясаты мен экономикасын басқа халықтарға, Үкіметтерге, Президенттер, Премьерлар мен Корольдерге түсінікті жеткізу, түсіндіру, мойындату өте үлкен жауапты әрі абыройлы міндет деп есептеймін. Қазір Париж Олимпиадасы өтіп жатыр ғой, бізбен көршілес әрі бауырлас елдің азаматтарының пікірін кездесіп естіп қалдым телехабардан. «Мұнда Қазақстанды жақсы біледі екен, олардың дәрежесі биік бұл жақта, ал бізді ешкім танымайды екен» деген өкінішін білдіріп жатыр екен. Бұл да біздің дипломатиялық қызметкерлеріміздің күнделікті қажыр*лы жұмысының нәтижесі деп пайымдаймын.

- Елші болам деген жастарға айтарыңыз бар ма? Ол адам қандай болу керек?

- Ең бастысы – дипломат боламын деген жастар негізінен тиісті халықаралық қатынастар мамандықтарына қоса, өз елінің, халқының тамыры терең құндылықтарына, тіліне берік, үлгілі, әдепті, білімді, ұлғанды тұлға болғандары абзал. Біздің елге келген шетелдік дипломаттар келген елдің тілін үйренуге ұмтылады, мәдениеті мен дәстүрлерін құрметтеуге тырысады.

- Екі елдің өзара келісімі нәтижесінде Ливан еліне қазақстан-

Әңгімелескен СИҚЫМБЕКТИҢ Алтынбайы.



теледидардан көріп еститін болдым. Соның ішінде әсіресе «Международная панорама» және Ауғанстандағы соғысқа арналған басқа да бағдарламалардан халықаралық журналистердің хабарларын үзбей оқып, тындайтын болдым. Есейе келе осы тақырыпқа, әсіресе Таяу Шығыс аймағына қатысты оқиғаларға, ақпаратқа қызығушылығым арта түсті. Ақыры 1978 жылы әскери жолдамамен ол кездегі Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті филология факультетінің араб тілі бөліміне оқуға түсіп,

Ел қауіпсіздігі - сенімді қолда

ШЕКАРАМЫЗ МЫҚТЫ БОЛСЫН!

1992 жылғы дәл осы күні Елбасының Жарлығымен Шығыс шекара округі негізінде Қазақстан Республикасы Шекара әскері құрылды.

Тек Қазақстанда ғана емес, Өзбекстан елінде де шекарашылар күні 18 тамызда тойланады. Бұл мейрам кәсіби мерекелері күнтізбесінде 2000 жылы белгіленді. Сәйкес жарлыққа тұңғыш Президент қол қойған. Ата – бабамыз тастап кеткен ұшқан құстың қанаты талатын, жүгірген аңның

бастығының міндетін уақытша атқарушы подполковник Асхат Аманбекұлы Ахметов құттықтау, тілектерді жеткізді.

Райымбек ауданы бойынша шекара басқармасы бастығының орынбасары, тәрбиелік, идеологиялық және кадрлық жұмыстар бөлімінің бастығы, подполковник Мұратбек Искендір Серікұлы марапатталған әскерилерді қалың жұртпен таныстырды. Тәрбиелік, идеологиялық және кадрлық жұмыстар бөлімінің клуб бастығы, сержант Жақбаева Раушан Сәрсенқызы осы іс – шараның дұрыс өтуіне атсалысты.

Салауатты өмір салты

21 тамыз күні Талғар қаласында “Ардагерлер ұйымы” Республикалық қоғамдық бірлестігінің Алматы облыстық филиалының ұйымдастыруымен салауатты өмір салтын насихаттауға байланысты өткен облыстық дойбы жарысында Іле ауданының намысын қорғаған ардагер ұстазымыз Садабаев Рысхан жүлделі үшінші орынды жеңіп алды.



ЖҮЛДЕЛІ ОРАЛДЫ

Соған байланысты Ащыбұлақ ауылдық округі бастауыш ардагерлер және бастауыш «Алатау жастары» ұйымының мүшелері Рысхан Садырбайұлын жүлдесімен құттықтай отырып, өзіне денсаулық, отбасына аمانдық, жастар тәрбиесіне әлі де өз үлесін қосады деген сенімдерін білдірді.

Дәулетбай ЖАМАЛБЕКОВ,
ардагерлер кеңесінің төрағасы.
Жәпек батыр ауылы.
Іле ауданы.



туяғы талатын кең байтақ жерді қорғау – ұрпақ міндеті. Біздің аудан шығыс жақта орналасқан. Барлық шекарада шекарашылар түн ұйқысын төрт бөліп, ел тыныштығын күзетуде. Райымбек ауданы бойынша шекара басқармасы батыр бабамыз Райымбек бабаның атымен аталады. Бабалар сияқты ер жүрек жауынгерлер шекара күзетінде тұр.

18 тамыз – шекарашылардың мерекесі. Осы мерекеге орай Шонжы ауылындағы мәдениет үйінде мерекелік іс –шара өтті. Мерекелік іс –шарада Райымбек ауданы бойынша шекара басқармасы

Шекара қызметінде жүрген сарбаздар ауданда өтетін кез келген шаралардан сырт қалған емес. Аудандық мәдениет үйі мен кітапханада өтетін іс –шараларға жоғарыда аттары аталған азаматтар шекарашыларды қатыстырып, оларға рухани, мәдени құндылықтарды үйретіп отырады.

Шекараны қорғау – біздің міндет. Шекара берік, заман тыныш болсын!

Рая САРТОЛОВА,
Ұйғыр ауданының ардагер
әжелер кеңесі төрайымы.

Қоғамның көлеңкелі тұстары

ВАНДАЛИЗМГЕ ЖОЛ ЖОК

Қоғамдағы вандализм – еліміздегі ауқымды мәселе. Халыққа ортақ демалыс орындарындағы мүлікті қирату, тарихи-мәдени жерлердегі ескерткіштер мен жартастарға жазба қалдыру, жеке адамдарға тиесілі дүниелерді бүлдіру сынды бұзақылық тыйылмай тұр.

Осы мәселе бойынша ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев БАҚ қызметкерлерімен кездесуінде: «Азаматтарымыздың ел ішіндегі, сондай-ақ шетелдегі қоғамдық орындарда вандализммен көзге түсіп, тұрпайы мінез-құлық көрсетуі – назар аударатын мәселе. Тарихи-мәдени мұраларға зиян келтіру, ескерткіштерді қорлау сияқты келеңсіз әрекеттер тек заңмен ғана жазаланып қоймай, қоғам тарапынан да айыпталуға тиіс. Бұл орайда бұқаралық ақпарат құралдарының ролі аса маңызды», – деп вандализммен күресуде жауапкершіліктің бір бөлігін журналистерге де артқан еді.

Артынша осы жылдың шілде айының басында Мемлекет басшысы вандализм үшін жазаны қатаңдату туралы заңға қол қойды.

Жаңа заңға орай «Қоғамдық келісім және даму орталығы» КММ Іле ауданының бөлімі ұйымдастыруымен Аудандық ақсақалдар кеңесінің төрағасы Исаев Әмзе Әлдібекұлы ескерткіштерді сақтау бойынша жастармен Өтеген батыр ауылының орталық алаңында орналасқан «Үш ұрпақ» ескерткіші жанында «Ұрпақтар диалогын» өткізді. Ә.Исаев жас буынды соғыс ардагерлерінің өшпес ерлік-

терін мәңгі есте сақтауға арналған ескерткішпен таныстырды. «Мұндай ескерткіштерді қорғау – біздің міндетіміз. Ақ мәрмәрға түскен әрбір есімге құрмет білдіру – баршамыздың парасаты парызымыз», – деп атап өтті. Бөлім басшысы М. Жабиева өз сөзінде жастарға қазіргі таңдағы вандализммен күрес жайлы, ескерткіштер ерен еңбек пен тарих куәсі екендігі жайында айтып өтті. Шараға Жастар ресурстық орталығы қызметкерлері және аудан жастары қатысты. Мақсаты-жастарға ескерткіштер маңызын түсіндіру, мәдениеттілікке баулу.

Вандализмге қарсы заңға қол қойылып, жаза күшейтілгеннен бері ендігі жерде вандализмге жол бергендер 200 АЕК көлемінде айыппұл арқалайды немесе 160 сағат қоғамдық жұмысқа тартылады. Жазаның тағы бір түрі – 50 тәулікке қамауға алу. Сондай-ақ «әлеуметтік, ұлттық, нәсілдік немесе діни араздық уәжі бойынша, пайдакүнемдік ниетпен бірнеше рет жасалған бұзақылық үшін 200 мың АЕК-ке дейін айыппұл қарастырылған. Қоғамдық жұмысқа 300 сағат беріледі, ал қатаң жаза ретінде 3 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қолданылады.

Ауданымызда көші-кон миграциясы ауқымды болғандықтан мәдени орталар мен саябақтар, одан қала берді зираттар мен бейіттер көп. Салдарынан жаңадан салынған қабір құрылыстары діни-қабірлеу кешендерінің қалыптасқан тарихи көрінісі мен бастапқы жалпы көрінісінің бұрмалануына



әкеліп соғады. Оған қоса, ұрпақтары болып жиналып, ата-бабасы жерленген ежелгі тамдарға, яғни мемлекеттік тізімге алынған күмбездер мен сағаналарға өз бетімен өзгерту, қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу жағдайлары көп кездеседі, бұл ескерткіштің түпнұсқалы архитектурасына айрықша нұқсан келтіреді. Әр қала, ауыл, село әкімдері, ішкі саясат бөлімі және осы

мемлекеттік мекемелерде жасайтын қызметкерлер, сонымен қатар, ауылдың учаскелік полициясы тарихи-мәдени ескерткіштің қорғау аймағында ешқандай жұмыстар жүргізуге болмайтынын (яғни адам жерлеуге, құлпытастар қоюға, өз еркімен ескерткіштерді өзгертуге, там салуға,) тұрғындарға ескертсе тарихи-мәдени ескерткіштерімізді сол күйінде сақтап қала аламыз.

Тарихи-мәдени ескерткіштерге нұқсан келтірген жағдайда ҚР

тарихи және мәдени мұралардың сақталуына қамқорлық жасауға, тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғауға міндетті, – дейді мамандар.

Жеке адамға немесе көпке ортақ мүлікке орынсыз залал келтіруді, мемлекет қазынасындағы құнды қалаларды қиратуды басты мақсат ететін вандалдардың тарихтағы алғашқы ізі сонау 450 жылдары Рим империясында қалған еді. Бұл жабайлық бүгінгі күнге дейін әлі де жалғасып келеді. Ресейлік психолог, доцент Людмила Ватова 11–23 жас аралығындағы жастардың вандализмге ұмтылу себебін зерттей келе 4 деңгейге бөліп қарастырған.

Алғашқы бейсаналы деңгейде адамның бұзақылық жасауына ашу-ызаның сыртқа шығуы, алкоголь немесе есірткі әсері себеп болуы мүмкін десе, саналы деңгейде мұндай әрекет ойын-сауық құру, еліктеу, ішкі «менін» жақтаудан туындайды-мыс. Жеке психологиялық деңгейде өзін-өзі қорғау немесе кек алу үшін мүлікке залал келтірілсе, әлеуметтік-психологиялық деңгейдегі адамдар наразылық, қайғы-ренішке қарсы жауап беру үшін осындай іс-әрекетке барады. Статистика нақты санын көрсетпегенмен, біздің елдегі вандализм оқиғаларының негізгі кейіпкерлері жастар мен орта жастағы қазақстандықтар екен.

Қашан да вандализм құптарлық іс емес. «Атаңның баласы болма, адамның баласы бол» деген бабалар даналығына қарап, озық ұлттан бұрын аты биік адам болуға ұмтылуымыз керек-ақ...

Өз тілшіміз.

АЛАТАУ Ардагері
Басылым 2023 жылғы 7 қыркүйектен шыға бастады

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Ардагер ұйымы»
Республикалық қоғамдық бірлестігі
Алматы облыстық филиалы
Директор:
Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР:
Роза Айдарбекова
Тел.: 8 777 251 9310

ТІЛШІЛЕР:
Алтынбай Сықымбек
Тел.: 8 705 965 3661

Рамазан Елешев
Тел.: 8 747 706 1334

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

«Алатау ардагері» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.

Газет аптасына 1 рет – жұма күні шығады

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылдың 21 тамызында тіркеліп KZ91VPY00075894 номерлі куәлігі берілген.

Газет «Алматы-Боашақ» акционерлік қоғамының баспаханасында басылды. Алматы қаласы С.Мұқанов көшесі, 23-В.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13/1.
«Алатау ардагері» газеті басылымының бүгінгі санның таралымы – 3917
Тапсырыс №1487
Индексі – 65472.